

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2019 жылғы 1 ақпан

Алматы қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 24

город Алматы

**«First Heartland Securities» акционерлік қоғамына
«Цеснабанк» акционерлік қоғамының банк холдингі
мәртебесін иеленуге келісім беру туралы**

Банктерді қадағалау департаментінің ұсынысын қарап, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 38, 39-баптарын, Заңға 2-қосымшаның 244-тармағын, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабын, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағының үшінші бөлігінің 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «First Heartland Securities» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – «First Heartland Securities» АҚ) «Цеснабанк» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Цеснабанк» АҚ) банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім берілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Қизатов О.Т.):

1) осы қаулының көшірмесін «First Heartland Securities» АҚ-қа, «Цеснабанк» АҚ-қа назарда ұстау үшін жіберсін;

2) қабылданған шешім туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсына орналастырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

**Ұлттық Банк
Төрағасы**

Дұрыс:

Бас маман-ҚРҰБ Директорлар кеңесінің хатшысы



Д. Ақышев

М. Саитова